

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Экономикалық - техникалық білім кешені
Гуманитарлық - техникалық колледж

«БЕКІТЕМІН/УТВЕРЖДАЮ»

ОІЖ директор орынбасары

Заместитель директора по УР

_____ Лучинина Т.Ю.

«__» _____ 2018 ж.

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

РАБОЧАЯ ПРОГРАММА

Пән / Предмет: Дүниежүзілік тарих/Всемирная история

Техникалық және кәсіптік оқу орындарының мамандықтары үшін /

Для технических и профессиональных учебных заведений по специальностям:

0518000 «Есеп және аудит/Учет и аудит»

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында жалпы білім беру пәндері бойынша оқу жоспарын құрастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар негізінде құрастырылған /

Составлена в соответствии с Методическими рекомендациями по разработке учебных планов по общеобразовательным дисциплинам в учреждениях технического и профессионального образования

Сағат саны / Количество часов: 78

Құрастырған ГТК оқытушысы / Составил преподаватель ГТК: Курмангожин А.М.

ЦӘК отырысында қарастырылған / Рассмотрено на заседании ЦМК

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер / Социально-гуманитарных дисциплин

«__» тамыз 2018 жыл №____ хаттама / протокол

ЦӘК төрағасы / Председатель ЦМК

ГТК әдістемелік кеңесімен мақұлданған / Одобрена методическим советом ГТК

«__» _____ 2018 жыл №____ хаттама / протокол

ӘК төрайымы / Председатель МС _____ Т.Ю. Лучинина

Мазмұны

Түсінік хат	3
Оқу пәнінің мазмұны	5
I Тарау. XX ғасырдың басындағы дүниежүзі .. Ошибка! Закладка не определена.	
II Тарау. Соғыстан кейінгі дүние жүзі	7
III Тарау.Екінші Дүниежүзілік соғыс (1939 – 1945 жж.)	10
IV Тарау.XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзі	11
V Тарау. АҚШ және Батыс Еуропа елдері (1945-2009 гг.)	12
VI Тарау.Социалистік даму жолында тұрған елдер (1945 – 2011 жж.)	14
VII Тарау. Азия және Африка елдері (1945 – 2009 жж.)	15
VIII Тарау.XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы дүниежүзі	17
Оқушылар дайындығына қойылатын талаптар	20
Оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктері	22
Қолданылған әдебиеттер тізімі	25

Түсінік хат

«Дүние жүзі тарихы» пәні орта білім берудің маңызды компоненті ретінде «Адам және қоғам» білім беру саласына енгізілген.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мүддесінің тұрғысынан қарасақ қазіргі кезде біздің еліміз жан-жақты байланыс жасап отырған әлем елдері мен халықтарының тарихымен жастарды таныстырудың аса қажеттігі баршаға түсінікті.

Дүние жүзі тарихы жас ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуына, өзінің жеке тарихи түп тамырын түсіне-білуіне, тұрмыстық, алуан түрлі моральдық адамгершілік мәселелерін дұрыс шеше білуіне көмектеседі

Дүние жүзі тарихы оқу пәнінің негізі — адамзаттың жүріп өткен табиғи және әлеуметтік даму жолы (адам — табиғат — қоғам). Ол оқушыларды адамзат тарихының аса маңызды құбылыстарымен, оқиғаларымен таныстырады. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық дәрежесі ескеріле отырып, білім беру, тәрбиелеу, дамытушылық жағынан ең маңызды деректер, оқиғалар, құбылыстар, тарихи үрдістер, тарихи-ғылыми ұғымдар іріктеліп алынады. Бұл тарихи объектілер адамзаттың кез келген қоғамының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдениет сияқты маңызды салаларын қамтитын болғандықтан оқушыларға адамзат қоғамының тарихын толық түсінуге мүмкіндік береді.

«Дүние жүзі тарихы» оқу пәнінің мақсаты - жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақтаған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа, әлем халықтарының тарихы мен мәдениетін сүйеге тәрбиелеу болып табылады

*«Тарих» пәні бойынша төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделеді:*

- дүниежүзі халықтарының тарихын тығыз байланыста қарастыра отырып, оқушыларды халықтар арасындағы өзара түсінушілік, бір- біріне деген жақындық идеясына тәрбиелеу;*

- тарихи үрдістің көп қырлылығын, көп түрлілігін көрсете отырып, оқушыларды дүниежүзілік тарихи дамудың балама мүмкіндіктері барын түсінуге, соған қарай тарих ғылымын шығармашылықпен қарауға үйрету;

- оқушылардың дүниежүзілік мәдениетке, жеке халықтардың және отанымыздың рухани байлығын құрметпен қарауға дайындау;

- оқушыларды бейбітшілік пен ынтымақтастық рухында тәрбиелеу, олардың бойында шовинизмге, ұлтшылдыққа, нәсілшілдікке, соғысқұмарлыққа қарсылық сезімін сіңіру, азамат прогресінің маңызды мәселелерін шешуге өзіндік үлес қосуға тәрбиелеу;

- тарихи материалды дұрыс іріктеп, сапалы оқыту арқылы оқушыларды ізгілікке, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбеке сүйгіштікке, олардың жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру;

- оқушылар бойында қоршаған орта мен табиғатқа ұқыптылықпен қарап, қорғау сезімін қалыптастыру;

- оқушылардың тарихи білімді шығармашылықпен қолдану, тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырамалы талдау негізінде ой елегінен өткізе біліу дағдыларын қалыптастыру;

- Отаны мен халқы алдындағы жауапкершілігін сезінетін жас ұрпақтың азаматтық ұстанымын қалыптастыру.

«Дүниежүзілік тарих» пәні оқу бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тараулар мен тақырыптар атаулары	Сағаттар саны
І Бөлім. XX ғ. басындағы дүние жүзі		
1	1.1 Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсанындағы әлем көрінісі.	
2	1.2 XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші Дүниежүзілік соғыс	
3	1.3 Версаль-Вашингтон жүйесі Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсендеуі	
4	1.4 КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы	
5	1.5 АҚШ: «жаңа бағыт» саясаты және Латын Америкасы елдері Ұлыбритания. Франция мен Испания. Халықтық майдан	
6	1.6 Италия мен Германиядағы фашизм	
7	1.7 Жапония, Қытай и Моңғолия Үндістан және Азия елдері. Араб елдері. Африка құрлығындағы мемлекеттер	
8	1.8 Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы. Екінші Дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның КСРО-ға шабуылы. Тынық Мұхит соғысы	
9	1.9 Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. БҰҰ-ның құрылуы	
II бөлім. XX ғ екінші жартысы – XXI ғ басындағы әлем		
10	2.1. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем	
11	2.2. «Қырғиқабақ соғыс». НАТО және Варшава шарты	
12	2.3. Батыстың даму үрдісі. АҚШ. Латын Америкасы.	
13	2.4. Ұлыбритания Франция	
14	2.5. Германия Федеративтік республикасы Италия	
15	2.6. Кеңес Одағы Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері.	
16	2.7. Жапония. Солтүстік және Оңтүстік Корея.	
17	2.8. Отаршылдықтың күйреуі. Азия елдері Араб елдері және Африка	
18	2.9. XX ғасырдың 70-90 жылдарындағы халықаралық жағдай. Еуропадағы қаіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы	
19	2.10. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар	

Оқу пәнінің мазмұны

Кіріспе. Қазіргі дүние жүзі тарихы курсы бүгінгімен ұштасқан дүние жүзі тарихының бөлімі. XX ғасырда дүние жүзі үлкен өзгерістерге түсті. Бұл өзгерістердің ауқымы мен тереңдігі дүние жүзі тарихында теңдеусіз. Дүние жүзі біртұтастыққа қарай бет алды.

I Бөлім. XX ғ. басындағы дүние жүзі

1 тақырып. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлем көрінісі

XX ғасыр басындағы дүние жүзінің саяси картасы. Жаңа индустриалды дәуір. Еуропа мемлекеттерінің саяси құрылысы. Ұлттық мемлекет идеясы мен экономикалық интеграцияландыру процесі. Ұлы державалардың экспансиясы. Дүние жүзін бөлісу мәселелері. Милитаризмнің өрісуі және жаңа қару-жарақтардың түрлері. Пацифизм. Ұлтшылдық. Нәсілшілдік. Социализм идеясы және өрлеуі.

Еуропадан тысқары дүние жүзі. Азия мемлекеттері (Қытай, Жапония, Корея, Монғолия). Жартылай және отар елдер. Еуропалық мемлекеттердің үстемдік етуінің түп негіздері. Ұлттық сана және азаттық қозғалыстарының өрлеуі. Дүние жүзінің бір тұтастығы. Өркениеттер байланысы. Еуропаландыру.

2 тақырып. XX ғасыр басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші дүниежүзілік соғыс

Дүние жүзі мемлекеттеріндегі демократияның дамуы. XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен саяси күрестер. “Жаңа империализм”. Ірі мемлекеттердің дүние жүзін қайта бөлісудегі бәсекелестігі. Протекционизм. Әскери-саяси одақтардың алмасуы. Германия империясы - Еуропадағы күш көрсетудің жаңа орталығы. Германия мен Жапонияның өрлеуі. Үштік одақ. Антантаның құрылуы. Орыс-герман қатынастары. Орыс-француз одағы және орыс-ағылшын қатынастары. Балқан соғыстары.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы және барысы. Шілде дағдарысы. Соғысқа қатысушы мемлекеттердің жоспарлары. Шлифен жоспарының күйреуі. Жаңа одақтар. Еуропадағы соғыс қимылдары. Азиядағы соғыс қимылдары.

Соғыс жылдарындағы әлеуметтік-саяси дағдарыстар. Еуропалықтардың тұрақтылықты сақтау үміті. Соғысқа қатысушы елдердің ішкі жағдайы. Ресейдегі ақпан төңкерісі. Германияда революцияның басталуы және Германияның соғыстан шығуы. Компьен келісімі. Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы концепциялар: ескі және қазіргі жаңа ой-пікірлер.

I Тарау. Соғыстан кейінгі дүние жүзі

3 тақырып. Версаль-Вашингтон жүйесі

Келісім шарттары. Париж конференциясы. АҚШ. Вильсонның “14 пункті”. Жеңуші елдер арасындағы қарама-қайшылықтар. Версаль бейбіт келісім шарты. Ұлттар Лигасы. Жаңа мемлекеттердің құрылуы. Вашингтон конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесінің баянсыздығы. 20-жылдардағы халықаралық қатынастардың тұрақтануы. Германия жағдайын жеңілдету. Рейннің кепілдік пактысы. Женева конвенциясы. АҚШ-тың оқшаулануы.

4 тақырып. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсеңдеуі

Бұқаралық қозғалыстардың артуы. Дамудың екі жолы. Революциялар. Веймар республикасы. Реформалар. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен төмендеуі. Жұмысшы және социалистік қозғалыстың жіктелуі. Экономикалық көтерілу. Компартиялардың ықпалының төмендеуі және социал-демократияның нығайуы.

5 тақырып. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы

Ресейдегі Қазан төңкерісі және большевиктердің билік басына келуі. В. И. Ленин. Кеңес үкіметінің алғашқы шаралары. Жер туралы декрет. Азамат соғысының басталуы және шетел интервенциясы. Большевиктердің ұлт саясаты. КСРО-ның құрылуы. Кеңестік Шығыс. Ұлттық автономиялар мәселесі.

Индустриаландыру және ұжымдастыру саясаттарының бұрмалануы және оның зардаптары. КСРО-да тоталитарлық режимнің орнауы. Сталиндік репрессиялар. Ұлт қайраткерлерін жазалау науқандары. Комитерн және оның рөлі. Соғыс қарсаңындағы КСРО-ның халықаралық өмірдегі рөлі.

6 тақырып. АҚШ. “Жаңа бағыт” саясаты және Латын Америкасы елдері

АҚШ-тағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері. Президент Ф. Рузвельт және оның “жаңа бағыт” саясаты. Алғашқы “жүз күн”. Американдықтардың көңіл-күйіндегі өзгерістер. Кәсіподақ қозғалысының өрлеуі. Үкімет саясатындағы “солға қозғалу” және ішкі саяси күрестің шиеленісуі. Жоғары сот реформасы және оның сәтсіздікке ұшырауы. Жаңа дағдарыс. 1938 жылғы реформалар. “Жаңа бағыттың” маңызы. Бұқара санасындағы өзгерістер. АҚШ-тың сыртқы саясаты.

7 тақырып. Ұлыбритания

Ұлттық үкімет. Англияның саяси дамуы. Ллойд Джордж үкіметі. Әлеуметтік қозғалыстар. Саяси партиялар, лидерлер. Р. Макдональд үкіметтері. Еуропа мемлекеттерінде Версаль келісімін қайта қарау идеясының күш алуы және сыртқы саясат бәсекелестігіндегі Англияның сәтсіздіктері. Қоғамдық құрылысты демократияландыру үшін күрес.

8 тақырып. Франция мен Испания. Халықтық майдан

Франция. Парламенттік дағдарыс және фашизм қатері. Елдегі антифашистік майданның қалыптасуы. Халықтық майдан идеясы және оның жүзеге асырылуы. Франциядағы халықтық майданның жеңісі. Мантиньон келісімі. 1936 жылғы заңдар. Франция халықтық майданындағы ала ауыздықтың басталуы және халықтық майданның тарауы. Халықтық майданның маңызы.

Испания. Республика және революция. Халықтық майданның жеңісі. Испаниядағы франкиштердің билігі. Азамат соғысы майданындағы халықтық майданның ұстанған саясаты. Испан фашизмі және франкизмнің ерекшеліктері.

9 тақырып. Италия мен Германиядағы фашизм

Б. Муссолини басқарған фашистік партияның үкімет басына келуі. Фашистік-тоталитарлық режимнің орнауы. Италия фашизмінің ерекшеліктері. Муссолини үкіметінің сыртқы саясаты.

Германияда фашизмнің пайда болуы. Веймар республикасындағы дағдарыс. Фашистердің билікке келуі. Тоталитарлық диктатураның орнауы. Демократияны жою. Жаңа экономикалық саясат. Экономиканы милитаризациялау. Неміс экономикасын қайта құрудың қортындылары. Германиядағы өмір сүру жағдайы. Антисемитизм. Адамдарға бақылаудың қойылуы. Германияның сыртқы саясаты. Соғысқа дайындық.

10 тақырып. Жапония, Қытай және Монғолия

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның дамуы. Жапон милитаризмі. Азиядағы отарлар үшін күрес. Екінші жапон-қытай соғысы. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыстар. Синтоизм. Жапониядағы әскери капитализм. Жапонияның сыртқы саясаты. Жапонияның Германиямен жақындасуы.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. 20-жылдардағы Ұлы халықтық революция. Сунь Ятсен. Қытайда Гоминьдан үстемдігінің орнауы. Чан Кайши үкіметінің саясаты. 1928-1937 жылдардағы Азамат соғысы. Жапония агрессиясының басталуы және біртұтас ұлттық майданның құрылуы.

Монғолия.

11 тақырып. Үндістан және Азия елдері

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың өрлеуі. М. Ганди және оның ілімі. Зорлықсыз қарсыласу кампаниялары. Үндістан Ұлттық Конгресі мен Мұсылмандар Лигасының қызметі. Үндістанды басқару туралы акт. ҰҰК-нің 1937 жылғы сайлаудағы жеңістері. Соғыс қарсаңындағы елдегі жағдай.

Аймақтағы шетелдік үстемдік. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық ілгерілеулер. Отарлық жүйеге қарсы ұлттық

қозғалыстардың өрлеуі. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Оңтүстік-Шығыс Азия елдері.

12 тақырып. Араб елдері. Африка құрлығындағы мемлекеттер

Араб мемлекеттеріндегі батыс державаларының жүргізген отарлық саясаты. Араб халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарының өрлеуі. Бірқатар араб елдерінің өз тәуелсіздіктерін жариялауы. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы араб елдері.

Африкадағы отарлық жүйе. Әлеуметтік-экономикалық ілгерілеулер. Батыс державаларының жүргізген отарлық саясатының ерекшеліктері. Африкадағы ұлт-азаттық күрестердің өрлеуі. Фашистік Италияның Африкадағы экспансиясы. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Африка.

13 тақырып. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы

30-жылдардағы халықаралық қатынастар. Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреуі. Ұлттар Лигасының дәрменсіздігі. Жапонияның Маньчжурияны басып алуы. Италияның Эфиопияны жаулауы. Гитлердің саясаты және басқыншылардың жақындасуы. “Берлин - Рим - Токио” әскери-саяси блогінің құрылуы. Дүние жүзіне қауіптің төнуі. Жапонияның Қытайдағы үлкен соғысының басталуы. Американдық оқшауланушылық. Қауіпті жете бағаламау. Австрия “анилюсы”. Чехословак дақдарысы. Мюнхен келісімі. Татуластыру саясатының салдарлары. Ұжымдасқан қауіпсіздік идеясының күйреуі. Мюнхен келісімі. Германия мен КСРО-ның жақындасуының басталуы. Ағылшын-француз-кеңес келісімдері. Кеңес-Герман құпия келісім-шарттары. Польша трагедиясы. Риббентроп-Молотов пактісі.

II Тарау. Екінші Дүниежүзілік соғыс (1939 – 1945 жж.)

14 тақырып. Екінші Дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның КСРО-ға шабуылы. Тынық мұхит соғысы.

Соғыс қарсаңындағы Еуропадағы саяси дағдарыс. Германияның Польшаға басып кіруі және екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Соғыстың ауқымы. Соғыс қимылдарының сипаты. Соғыс кезеңдері. Батыс майдандағы жағдай.

КСРО-ның Финляндияға қарсы агрессиясы және Прибалтиканы басып алуы. Францияның жеңіліске ұшырауы және Италияның соғысқа кірісуі. Англияның жағдайы. У. Черчилль. Африка мен Балқандағы соғыс. Үштік пакт. “Барбаросса” жоспарының қабылдануы.

Ұлы Отан соғысының басталуы. 1941-1942 жылдардағы Кеңес әскерлерінің барлық майдандарда күйрей жеңілу себептері. Осы төңіректегі қазіргі көзқарастар мен пікірлер. Кеңес-герман майданының екінші дүниежүзілік соғыстың басты майданына айналуы. Жапон агрессиясының Азия мен Тынық мұхитындағы өрістеуі. Перл-Харбор. Тынық мұхитындағы соғыс қимылдары. Үштік Одақ елдерінің жетістіктері. АҚШ-тың соғысқа кірісуі. Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары.

15 тақырып. Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. БҰҰ-ның құрылуы

Антигитлерлік коалицияның қалыптасуы. Тегеран келісімі. Екінші майдан проблемасы. Соғыста бетбұрыстың басталуы. Қарсыласу қозғалыстары. Муссолини режимінің құлауы. Теңіздердегі соғыс қимылдары. Одақтастардың Францияға шабуылы. Гитлерге жасалған қастандық. Шығыс майдандағы соғыс қимылдары.

Қырым конференциясы. Берлин операциясы және Германияның тізе бүгуі. Подстам конференциясы. Бейбіт реттеу мәселесі. Антигитлерлік коалиция елдері арасындағы ала ауыздық. Германияның екіге бөлінуі. Жапониямен соғыстың аяқталуы. Атом бомбасының қолданылуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы. Нацистік әскери қылмыскерлерді жазалау - Нюрнберг процесі. Екінші дүниежүзілік соғыстың қортындылары.

III Тарау. XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзі

16 тақырып. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем

Париж бітім конференциясы (1946 ж.). ГДР мен ГФР-дің құрылуы. Экономикалық тұрақтылық. Ұжымдық қуіпсіздік идеясы. Ірку саясаты. Шығыс

Еуропа социалистік даму жолында. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Шығыс елдері. КСРО мен ҚХР-дың қарым-қатынасы. Жапония мен Қытайдағы халықаралық жағдай. Жапонияның экономикалық дамуы.

17 тақырып. «Қырғиқабақ соғыс». НАТО және Варшава шарты. Дүниежүзілік саясат циклдері.

«Қырғиқабақ соғыстың» басталуы. Милитаризм. Корей соғысы (1950 – 1953 жж.). Таяу Шығыстағы жанжалдар. Үнді-Пәкстан жанжалы. Үндіқытай жанжалы (1946 -1954 жж.). Жылымық (1953 -1960 жж.). Берлин дағдарысынан Вьетнам соғысына қарай (1960 – 1973 жж.). 1967 жылғы алты күндік соғыс және 1973 жылғы соғыс. Стратегиялық қаруларды шектеу.

IV Тарау. АҚШ және Батыс Еуропа елдері (1945-2009 гг.)

18 тақырып. Батыстың даму үрдісі. АҚШ. Латын Америкасы.

«Қайырымды мемлекет». «Қайырымды мемлекеттің» белгілері. Еңбек қатынастарын реттеу. Еуропа елдерінің ықпалдастығы. «Қайырымды мемлекет» - тоталитарлық мемлекеттің баламасы. Дағдарыс. «Консерваторлық толқын». АҚШ соғыстан кейін кезеңде. Елдің ішкі жағдайы мен соғыстан кейінгі сыртқы саясаты. 60-70-жылдардағы АҚШ-тың сыртқы және ішкі саясаты. Республикашылдардың саясаты. Халықаралық шиеленістерді бәсендету кезеңі. АҚШ Дж.Картердің президенттік кезеңінде. Рейганомика. АҚШ Дж.Буштың президенттік кезеңінде. 90 – жылдардағы АҚШ. «Жаңа бағыты» әзерлеу және оның қалыптасуы. Республикалық әкімшіліктің саяси бағыты. АҚШ қазіргі әлемде.екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Латын Америкасының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. Революциялық қимылдар.80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басындағы аймақтағы жағдай. Жаңғырту саясатын жалғастыру. 90-жылдардағы Куба. Ықпалдастық үдерістер.

19 тақырып. Ұлыбритания. Франция.

Ұлыбритания үкіметтерінің соғыстан кейінгі үкіметтердің ішкі және сыртқы саясаты (1945—1951 жж.). «Консервативтік» басқару «заманы» (1951—1964 жж.) Лейбористердің қайтадан келуі және оның саясаты. Э.Хиттің үкіметі. Лейбористердің 1974—1979 жылдардағы басқаруы. «Әлеуметтік контракт» бағдарламасы. 1979 жылғы парламент сайлауы және өкімет басына консерваторлардың келуі. М.Тэтчер, оның ішкі және сыртқы саясаты. Британиядағы жаңа консерватизм. Лейбористердің 1997 жылғы парламент сайлауындағы жеңісі. Т.Блэрдің ішкі және сыртқы саясаты.

Генерал де Голльдің уақытша режімі. Партия жүйесінің құбылуы. Төртінші республиканың құрылуы. Францияның 50-жылдардың бірінші жартысындағы дамуы. Франциядағы парламентаризмнің дағдарысы. Алжирдегі оқиғалар және де Голльдің өкімет басына келуі. Бесінші республиканың құрылуы және оның саяси жүйесі. Францияның 60-жылдардағы сыртқы саясаты. 1968 жылғы мамыр оқиғалары. Референдум және де Голльдің қызметтен кетуі. 70-жылдардағы Франция. 1981 жылғы президент сайлауы, солшыл күштердің жеңісі, Ф.Миттеранның ішкі және сыртқы саясаты. 80-жылдың соңы — 90-жылдардағы Франция. Францияның қазіргі дамуы.

20 тақырып. Германия Федеративтік Республикасы. Италия.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайы. Германияның жікке бөлініп ГФР мен ГДР-дің құрылуы. ГФР-дің саяси және экономикалық дамуы. ХДО/ХЭО өкімет билігінде. ГСДП-ЛЕДП коалициясының құрылуы және оның 1969 жылғы парламент сайлауында жеңіске жетуі. В.Брандтың өкіметі. ГФР-дің 70-жылдардағы ішкі және сыртқы саясаты. Германиядағы жаңа консерватизм. К.Кольдің үкіметі, оның ішкі және сыртқы саясаты.

Германияның бірігуі және оның әлеуметтік-экономикалық проблемалары. 1998 жылғы сайлау. Социал-демократтардың жеңісі және олардың саясаты. Тарихи дамудың жаңа кезеңіндегі Германия. Жетістіктері мен проблемалары.

Италияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі саяси жағдайы. Республиканың құрылуы. Италияның 50—90-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы.

V Тарау. Социалистік даму жолында тұрған елдер (1945 – 2011 жж.)

21 тақырып. Кеңес Одағы.

40-жылдардың ортасы — 50-жылдардың басындағы КСРО. Соғыстан кейінгі экономикалық даму. Карточкалық жүйенің жойылуы. Ақша реформасы. Елдің қоғамдық-саяси өмірі. Құғындау: «Ленинград ісі», «Дәрігерлердің ісі». И.В.Сталиннің өлімі және тарихи баламалардың пайда болуы.

50-жылдардың ортасы — 60-жылдардың бірінші жартысындағы кеңес қоғамы. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы. КСРО-дағы азық-түлік мәселесінің шиеленісуі. Кеңес қоғамының саяси өмірі. Ішкі партиялық күрес және Н.С.Хрущевтің жеңісі. КОКП XX съезі және И.В.Сталиннің жеке басына табынушылықты сынау. Құғындау мен депортация құрбандарының ақталуы. КОКП XXII съезі. Коммунизм орнату бағыты.

60-жылдардың екінші жартысы — 80-жылдардың бірінші жартысындағы КСРО. КОКП Орталық Комитетінің 1964 жылғы Қазан пленумы. Н.С.Хрущевтің қызметтен кетуі. Л.И.Брежневтің КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануы.

Әлеуметтік-экономикалық даму. 1965 жылғы экономикалық реформа. Халықтың әл-ауқатының салыстырмалы өсімі. Кеңес қоғамының ішкі саяси дамуы. Экономикалық қиыншылықтардың көбеюі. КОКП қызметіндегі теріс үрдістердің белең алуы. Ю.В.Андропов және оның кеңес қоғамын сындарлы реформалауға ұмтылған амалдары. КСРО-ның сыртқы саясатының негізгі бағыттары.

Кеңес Одағы 1985—1991 жылдарда. КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы наурыз пленумы және М.С.Горбачевтің партия Орталық Комитетінің бас хатшысы болып сайлануы. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тездету әрекеттері. «Қайта құру» және «жариялылық» саясатының жариялануы. КСРО-дағы экономикалық және әлеуметтік дағдарыс. «Демократия көп болсын — социализм көп болсын» деген ұранмен нарықтық қатынастар орнату әрекеттері. Ұлт мәселесінің шиеленісуі. «Егемендік парады». 1991 жылғы 17 наурыздағы референдум. КСРО мемлекеттік жүйесінің күйрей бастауы. Новоогарево процесі.

Егеменді мемлекеттер одағын құрудың жобасы. Тамыздағы саяси дағдарыс. КОКП-ның таратылуы. Одақтық республикалар тәуелсіздігінің жариялануы. КСРО-ның ыдырауы.

22 тақырып. Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері

Халықтық-демократиялық революциялар және Шығыс Еуропа елдерінде халықтық демократиялық режімнің орнығуы. Социалистік құрылыстың бастапқы кезеңі. 50-жылдардың ортасы — 60-жылдардың басындағы ГДР, Польша, Венгриядағы саяси дағдарыс. 50-жылдардың соңы — 60-жылдардағы Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдері. Социализмді дамыту жолдарын іздестіру. ГДР-дің «Ұлттық түстердегі социализм» үлгісі. «Прага көктемі». ВШҰ әскерлерінің Чехословакияға енгізілуі. Болгария мен Румынияның даму ерекшеліктері. 70—80-жылдардағы поляк дағдарысы. «Ынтымақтастық» кәсіподақ бірлестігінің құрылуы және ол бірлестіктің қызметі. КСРО-дағы «қайта құру» және Шығыс Еуропа. Социализмнің Шығыс Еуропалық жүйесіндегі дағдарыс. Антикоммунистік «революциялар». ГДР-дің ГФР құрамына енуі. Чех және Словак республикаларының құрылуы. Болгариядағы саяси дағдарыс. Демократиялық күштер одағының жетекшісі Ж.Желевтің өкімет билігіне келуі. Румынияда Н. Чаушеску режімінің құлатылуы. Югославиядағы ұлтаралық жанжал және ЮСФР-дің ыдырауы. Шығыс Еуропа елдерінің қазіргі жағдайы.

Қытай. 1946—1949 жылдардағы азамат соғысы. Қытай Халық Республикасының құрылуы. Мао Цзэдун. Өтпелі кезең (1949—1952 жж.). Социализм орнатудың басталуы. «Үлкен секіріс» саясаты (1958—1960 жж.). «Мәдени революция» (1966—1976 жж.). ҚХР реформалар жолында. Жаңғыртудың қытайлық үлгісі. Дэн Сяопин. Сыртқы саясат.

Моңғолия.

VI Тарау. Азия және Африка елдері (1945 – 2009 жж.)

23 тақырып. Жапония. Солтүстік және Оңтүстік Корея

Жапония. Басқыншылық режим кезеңі (1945—1952 жж.). Жапонияның «Экономикалық гажябы». 1970—2006 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму. 1952—2006 жылдардағы ішкі саяси даму. Саяси партиялар. Сыртқы саясат.

Корея Республикасы. Кореяның жіктелуі. Корея Республикасының құрылуы. 1950—1953 жылдардағы соғыс. Оңтүстік Кореяның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Жаңғыртудың ерекшеліктері. Ішкі саяси даму. Саяси жүйенің ілгерілеуі. Екі Корея мемлекеті арасындағы қатынастарды реттеу мәселесі.

Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы. КХДР-дің құрылуы. Экономикалық дамуы. Саяси режимі. Ким Ир Сен. Солтүстік Кореяның қазіргі кезеңдегі даму мәселелері. Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасы.

24 тақырып. Отаршылдықтың күйреуі

Азия мен африкада тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы. Жас мемлекеттердің өзекті мәселелері. Өтпелі кезеңге ену. «Үшінші әлем». Экономикалық еркіндік үшін күрес. «Үшінші әлем» елдерінің жіктелуі. Жаңғыртудағы табыстар. Сыртқы саясат. Қосылмау қозғалыстары және ықпалдастық үдерістер.

25 тақырып. Азия елдері.

Вьетнам. Вьетнам соғысы. Вьетнамның бірігуі. вьетнам-Қытай шиеленісі. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы экономикалық реформалар. Индонезия. АСЕАН-ның құрылуы. Үндістан. Тәуелсіздікке жету. Дж.Неру. Үндістан Республикасының құрылуы. Экономикалық және саяси жаңғырту. И.Ганди. Жікіілдік мәселесі. Сыртқы саясат. Блоктарға қосылмау саясаты. Үндістан-Пәкстан жанжалы. Пәкстан. Пәкстан республикасының құрылуы. Елдің саяси дамуы. Бангладеш. Иран. Елдің соғыстан кейінгі дамуы. М.Моссадык. «Ақ революция». Ислам революциясы. Р.М.Хомейни. Иран Ислам республикасының құрылуы. XX ғасырдың 80-жылдары — XXI ғасырдың басындағы Иран. Реформаторлар мен консерваторлар. «Ақ революция» әрекеті. 1979 жылғы революция. Ауғанстан. Соғыстан кейінгі даму.

1978 жылғы «Сәуір революциясы». Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясы билік жүргізген кезеңдегі (1978—1992 жж.) Ауғанстан. Ауғанстан мемлекеті. Азамат соғысы — «Талибан» қозғалысы. Ауғанстан ХХІ ғасырдың басында: проблемалар және оларды шешудің жолдары. Парсы шығынағы мемлекеттері. Түркия. Экономикалық және ішкі саяси даму. Т.Озал. Күрд проблемасы. А.Оджалан. Сыртқы саясат. Түркия—Қазақстан қатынастары.

26 тақырып. Араб елдері және Африка

40-60-жылдардағы Араб елдерінің дамуы. Палестина. Египеттің дамуы. ХХ ғасырдың 60-80-жылдарының соңындағы Арабтық Шығыстың дамуы. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдерінің даму мәселелері. Отарсыздандыру және Африканың отаршылдықтан кейін 40-жылдардың екінші жартысы — 80-жылдардағы дамуы. Египеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. 1952 жылғы революция. Г.А.Насер. Африка мемлекеттерінің қазіргі дамуы. Африка одағы.

VII Тарау. ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы дүниежүзі

27 тақырып. ХХ ғасырдың 70 – 90-жылдарындағы халықаралық жағдай. Еуропадағы қаіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы

Еуропадағы қаіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ). Қосылмау қозғалысы. 80-жылдардағы халықаралық қатынастардың шиеленісуі. Бұрынғы КСРО республикаларының тәуелсіздік жариялануы. ТМД-ның құрылуы және оның мақсаты. Ұлтаралық қатынастар. Ықпалдастық мәселелері. Сыртқы саясат.

28 тақырып. ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар

Шығыс Азиядағы Корея және Вьетнам мәселелері. 1950-1953 жылдардағы Корея соғысы. 1945 – 1954 жылдардағы бірінші үндіқытай соғысы. 1965 – 1975 жж. Екінші үндіқытай соғысы. Таяу Шығыс мәселелері. Жаңа үнді-пәкстан жанжалдары (1965 ж., 1971 ж). Палестина-Израиль жанжалдары. Палестина мәселесінің одан әрі шиеленісуі және оны реттеу жолдарына іздестіру. 1980-1988 жылдардағы Иран-Ирак соғысы. Ирактың Кувейтке қарсы басқыншылығы. Ауған соғысы. Югославиядағы этникалық жанжалдар. Косово соғысы. Африкадағы этникалық топтардың жанжалдары. Ресейдегі ұлттық жанжалдар. АҚШ-тың Ирактағы соғысы. Орталық Азия мәселелері. Кавказдағы тәуелсіз мемлекеттер. Шешен соғысы. Каспий мәселесі. Тәуелсіз Қазақстан.

29 тақырып. Өркениетті елдердің дамуыжәне дүниежүзіндегі демократиялық үдерістер

Постиндустриалдық қоғам және оның белгілері. Азия мен Африка елдерінің жағдайы. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы экономикалық саясат. Демократиялық қоғамды құрудағы дамыған елдердің жеткен жетістіктері. Плюрализм суверенитеті. Халықаралық лаңкестікпен күресу.

30 тақырып. Дүниежүзіндегі ықпалдастық үдерістер.

БҰҰ-ның қызметі. НАТО ықпалының өсуі. Дүниежүзіндегі аймақтық-экономикалық ықпалдастықтар. Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ). Шанхай бестігі және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы. Дүниежүзілік банк тобы. Қызыл Крестің қызметі. Қазақстандағы саяси және экономикалық реформалар. Көппартиялық жүйе. Қазақстанның мәдениеті, ғылымы, өнері мен әдебиетіндегі жаңа құбылыстар. Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі. Шетелдермен дипломатиялық қарым-қатынастар. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі дамуы.

31 тақырып. ХХІ ғасырдың басындағы дүниежүзінің өзекті мәселелері

Мемлекеттер санының ұлғаюы. БҰҰ-ның Қаіпсіздік Кеңесі. Қазіргі заман және жаһандану мәселері. Жаһандану үдерісінің қайшылықтары. Жаһандану

жағдайындағы мемлекеттің рөлі. Дүниежүзінің өзара тәуелсіздігі. ХХІ ғасырдың басындағы дүниежүзі.

32 тақырып. ХІХ ғасыр мәдениеті

Қоғамдағы санадағы бейбұрыс. Өнер саласындағы өзгерістер. Әдебиеттегі модернизм. ХХ ғасыр өнері мен әдебиетінің көпүнділігі. Мәдениеттегі жаңа құбылыстар. ХХ ғасырдағы ғылым. Микроэлектроника. Биотехнология. Ақпараттандыру.

Оқушылар дайындығына қойылатын талаптар

Оқушылар төмендегілерді білуге тиіс:

- қазіргі дүние жүзінің даму бағыттарымен таныс болуы керек, халықаралық қатынастардың және дүние жүзілік жаңа тәртіптер дамуының негізгі тұжырымдамаларын білуі қажет;
- XX ғасырдағы негізгі қоғамдық және саяси қозғалыстардың мәнін, олардың формалары мен қызметтері қорытындыларын сипаттай алуы тиіс;
- XX ғасырдағы Ресей, Еуропа, Америка, Орта Азия және Африка елдерінің саяси және экономика тарихындағы аса маңызды оқиғаларды айта білуі;
- қазіргі заман тарихында реформалар мен революциялардың алатын орны мен маңызын ашуы;
- XX ғасырдағы халықаралық қатынастардың және сыртқы саясатының негізгі кезеңдері мен бағыттарын айтуы;
- нақты жағдайда елдердің, лидерлердің, блоктардың, қозғалыстардың ұстанымдарын салыстыру, оларға баға беруі;
- XX ғасырдағы ғылым мен техниканың негізгі жетістіктері туралы, қоғамдық ойлардың дамуы жөнінде әңгімелеу, қазіргі заман тарихындағы идеялық ағымдардың рөлін, идеология мен саясаттың байланысын ашуы;
- XX ғасырдағы адамзат пен Қазақстан Республикасының материалдық және рухани мәдениет дамуының негізгі белгілерін сипаттай алуы тиіс.
- XX ғасырдың II жартысындағы дүние жүзі саяси картасындағы өзгерістерді;
- XX ғасырдың II жартысындағы дүние жүзі халықтарының ұлттық бостандық пен әлеуметтік прогреске жетудің басты бағыттарын;
- дамудың түрлі қоғамдық жүйесі мен үлгісін таңдап алған Батыс, Шығыс, Азия, Африка елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің негізгі белгілері мен динамикасын;
- XX ғасырдың II жартысындағы халықаралық қатынастар дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттарын;

- “Соғыс және бейбітшілік” проблемаларының көріну ерекшеліктерін;
- адамзаттың ауқымды проблемаларын (пайда болуы және динамикасы);
- қазіргі ауқымды проблемаларды шешудегі аймақтық және халықаралық ынтымақтастық тәжірибесін;
- қайта құру кезіндегі қоғам дамуының маңызды мәселелерін, демократияландыру процесінің мәні мен ерекшеліктерін. Ішкі қайшылықтардың шиеленісуі себептерін.

Оқушыларда қалыптасатын біліктер:

- деректерді жан-жақты оқу арқылы және теориялық білімді (тарихи, қоғамтану) қолдану негізінде өткен және қазіргі фактілерді белгілі жүйеде талдау, салыстыру, қорыту;
- қоғамдық құбылыстардың дамуын және нақты тарихи жағдайын қарастыру және сипаттау;
- тарихи дамудың жекелеген заңдылықтарын түсіндіру, оқыған курс мысалдарымен оларды нақтылау;
- тарихи оқиғалар мен құбылыстарға, тарихи тұлғалар қызметіне баға беру;
- тарих білімін қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және басқа да түрлі проблемаларын талдауға қолдана білу;
- тарихи оқиғаларға қатысты әр түрлі көзқарастарды салыстыру, өз пікірін дәлелдеу;
- конспектілер, тезистер жазу, рефераттар дайындау және баяндамалар әзірлеу, тарихи пікір-сайыстарға қатысу;
- әр түрлі білімдік деректер: оқу әдебиеттері, тарихи құжаттар, естеліктер, статистикалық мәліметтер, мерзімдік басылымдармен жұмыс істеу.

Оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктері

Дүние жүзі тарихы оқыту барысында әр түрлі әдіс- тәсілдер қолданылады.

Иллюстрациялап түсіндіру әдісі – бұл мұғалімнің ауызша баяндауын және әңгімелеп тұрып, пайдаланатын басқа құралдарды (оқулықпен, интерактивті тақтаны, түрлі суреттер мен кестелерді, буклетерді және көркем әдебиетті) қамтиды. Бұл әдісті қолдану барысында мұғалімде, оқушыларда қызмет жасайды. Соның нәтижесінде оқушылар өздігінше жұмыс жасауға үйренеді.

Ішінара іздену әдісі – оқушыларды бірте-бірте белгілі бір проблемаларды өздігінше шеше алу дәрежесіне дейін жеткізуді көздейді. Мәселен, бояулы суретке, құжатқа түрлі сұрақ қоя отырып, проблеманы шешуге, оқулық мәтінімен байланыстыра оқытуға үйретеді.

Информациялы – рецептивті әдісі – әңгіме, әңгімелесу, экскурсия түрінде, ауызша және жазбаша жүзеге асырылады. Білімді әңгімелеу негізінде оқулық бойынша жүргізіледі. Бұл әдіс мұғалімнің басшылығымен, оқулық, құжат, сурет, әңгіме экскурсия барысында ұштастырыла пайдаланылады.

Әңгімелесу әдісі – бұл әдістің білімдік те, тәрбиелік те және дамытушылық та маңызы зор. Ол бүкіл сыныпты қамтиды, оқушылардың белсенділігін арттырады, олардың таным қызметін, шығармашылықпен жұмыс жасау қабілетін дамытады және оқыту барысында ұжымдық сипаттада жүргізуге болады.

Репродуктивті әдіс – Оқушыларға қажетті біліктерді қалыптастыруды көздейді.Бұл әдісті пайдалану кезінде оқушылар мұғалімнің басшылығымен оқытып үйреткен білімді өздігінше бірнеше рет және әртүрлі жағдайда еске түсіруге мүмкіндік беретін жұмыс түрін атқарады. Мәселен, бүгін өтілген тарихи оқиғаны бұрын оқытылып кеткен, ұқсас белгілеері мен ерекшеліктерін табады, өтілген материал бойынша жоспар жасайды, тарихи фактілерге өздігінше нақты мысалдар келтіреді, түрлі схемалар, кестелер сызады.

Тарихи құжаттарды пайдалануда осы циклды оқытудағы маңызды әдістердің бірі.Тарихи құжаттар өткен дәуірдің ескерткіші. Олар оқушыларға оқытып жатқан материалды нақтылай түсуге, өткен оқиғалардың бейнесін айқынырақ

елестетуге, сол дәуірдің ерекшелігін дәл көрсетуге көмектеседі. Заңдардың, бұйрықтардың, хаттардың, естеліктердің, мемуарлардың үзінділерімен таныса отырып оқушылар белгілі оқиға, құбылыс туралы жан-жақты мәлімет алады. Тарихи құжаттарды оқу және талдау оқушылардың білімін кеңейтеді, олардың ойлауын дамытады, деректермен өздігініе жұмыс жасау шеберлігін ұштай түседі. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқушылар үйде шағын шығарма, тарихи құжаттар бойынша конспект, хабар жасап келеді.

Біліктерді қалыптастыру әдісі – біліктерді қалыптастырудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы зор. Оқушы белгілі бір білікті меңгеруге байланысты өздігініе жұмыс жасайды. Оқушылар синхрондық кестелер сызады, тарихи тексттің кеңейтілген жоспары, тарихи қайраткерлердің, құбылыстардың салыстырмалы сипаттамасы, бірыңғай тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу, тарихи карталар мен сызбалардың мазмұнын өз әңгімесіне пайдалану, оқулықтағы кейбір мәселелерді өздігініе оқып, меңгереді.

Ақпараттық – коммуникациялық технология әдісі. Оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту үшін қолданылады. Осы арқылы білім алушылар мәтінмен жұмыс жасауға үйренеді, яғни көпшілікке арналған ақпараттық нысандармен қалыпты жұмыс жасау құралдарын меңгереді. Олар ақпаратты материалдарды жинаудың жаңа тәсілдерін игеріп, пайдаланады. Хрестоматиялық материалдар негізінде электронды карталарды тақырыптар бойынша пайдалануға болады. Қорытынды сабақтарда кешендік тестілеуді компьютерлік тестілеу әдісі арқылы өткізуге болады.

Зерттеу әдісі – Шығармашылықпен жұмыс жасау тәсілін және білім мен біліктерді толық үйретіп, меңгертуді мақсат етеді. Зерттеу әдісі – ғылыми тұрғыда танып білудің тәсілдерін меңгеруге көмектеседі; шығармашылықпен жұмыс жасаудың белгілерін қалыптастырады; өздігініе зерттеу жұмысын жүргізуге оқушылардың ынтасын ұштайды; оқушылар білімді толық әрі саналы іздену арқылы меңгереді.

Проблемалық зерттеу әдісі – оқушылардың ойлауын, қиялын дамытуға, эмоция тугызуга, бұрын алған білімдерін қайта еске түсіруге мүмкіндік береді. Демек

жаңа білімдерді меңгеруге оқушылар белсене қатыстырылады, сөйтіп білімді берік меңгереді, ойлау қызметі одан әрі дамиды.

Тарихтан жаңа тақырыпты үйреткенде проблемалық баяндау әдісін қолдану барысында материалдық мәдениет ескерткіштері, бейнелеу өнерінің шығармаларымен жұмыс жасау арқылы да болады.

Тарихи - көркем шығармаларды пайдалану әдісі – Тарихи- көркем шығармамен сабақ барысында өзіндік жұмысын ұйымдастыруға болады. Мұндай тәсілдер дамытуға пайдасы көбірек тиеді. Оқушылар көбіне тарих оқулығындағы текспен және көркем әдебиет үзіндісімен қатар жұмыс жасайды. Оқушылар тарихи құжаттарды, басқа да әдебиеттер мен деректерді пайдалана отырып, өздігініше конспект, реферат, тезис, баяндама дайындайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзі тарихы: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Шүпеков, К.Қожахметұлы, М.Дәкенов, М.Сембинов. – Алматы: Мектеп, 2010

Қосымша әдебиет

1. Кредер А.Н. «Новейшая история зарубежных стран». М. «Просвещение» 1995
2. Сорока-Цюпа О.С. «Мир в XX веке»М. «Просвещение, 1996
3. Журнал «Преподавание истории в школе». № 1,1996
4. Журнал «Преподавание истории в школе » № 8 за 1996
5. «Русь, Россия, российская империя». / хроника, правление, события/
6. Островский, Уткин «История России XX век» Москва «Дрофа» 1996
7. Рабочая тетрадь №1
8. Рабочая тетрадь №2
9. приложение к газете «1 сентября» История №9 за 1997г.